

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Айтыңыз құтты болсын

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.05.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/73096/

Ұлттың болмысын, тіршілік ету тәлімін, өмірге деген көзқарасын, рухани өресін, танымы мен нанымын жалпақ жұртқа жайып, өзін-өзі жұрағаттап танытатын әрі мәшһүр ететін халықтың ежелден келе жатқан ескі салт-дәстүрлері меп әдет-ғұрыптары, жөн-жоралғылары болса керек. Талай ұрпақтардың ұлан-ғайыр көшін ұзатып салып, тар жол, тайғақ кешуді замана зобалаңдарынан өткен өрісті тарихымыздың өнбойында өшпей, өскін жайып, халық тірлігінің өзегімен өріле жасасып келе жатқан бұл қасиетті қазыналарымыз өзінің өміршеңдігімен тәнті етеді. Өйткені мұнда бәріміздің бас иер киелеріміз, халықтың тілі, діні, ділі жатқанын көреміз. Халқымыздың бағы да, бары да, құты мен құдіреті де осыларда жатыр. Бұларсыз баянды болашақтың көкбайрағы көтеріле алмайды, емін-еркін тыныстап еңсесін тіктеу де қиынға түседі, танымы мен сеніміне сеніп, болашағына батыл бет бұрған рухани түлеуге де қолы жетпейді. Ұлттық дәстүрді сақтай білу — ұрпақтардың өз тағдырына аялай қарауы, қадірлеп қастерлеуі, иманды тірлігінің ұятына сенуі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.